

"Тараз қаласының жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері мен аймақтардың шекараларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2005 жылғы 28 қарашадағы № 11-7 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облыстық мәслихатының 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 10-7 шешімі. Жамбыл облыстық Әділет департаментінде 2009 жылғы 20 қаңтарда N 1718 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2011 жылғы 15 наурыздағы № 32-6 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2011.03.15 № 32 -6 Шешімімен.

Қазақстан Республикасы 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 11 бабына және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 қыркүйектегі № 890 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 қазандағы № 956 қаулысына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Тараз қаласының жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері мен аймақтардың шекараларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2005 жылғы 28 қарашадағы № 11-7 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде № 1627 тіркелді, 2005 жылдың 26 қарашасында "Ақ жол" № 173 және "Знамя труда" № 157-158 облыстық газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешімнің № 1 қосымшасында :

- 1 жолында " 362" деген цифрлар "2080" деген цифрлармен ауыстырылсын;
- 2 жолында " 272" деген цифрлар "1560" деген цифрлармен ауыстырылсын;
- 3 жолында " 181" деген цифрлар "1040" деген цифрлармен ауыстырылсын;
- 4 жолында " 90,5" деген цифрлар "520" деген цифрлармен ауыстырылсын.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат
сессиясының төрағасы
С. Бегеев

Облыстық мәслихат
хатшысы

Ә. Әсілбеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК